



# **Сынып жетекші және тәрбие жұмысын ұйымдастырушы**

Сыныптағы тәрбие жұмысын барлық мұғалімдер жүргізеді. Бұл жұмыстың негізгі ұйымдастырушысы—сынып жетекшісі.

Ол оқушылар ұжымын ұйымдастырады, басқа мұғалімдердің тәрбиелік күш-жігерін біріктіреді, ата-аналармен жүргізеді.

**Сынып жетекшісі жұмысының негізгі мақсаты** – мектеп оқушыларын қоғамның белсенді және саналы азаматтары етіп тәрбиелеуге барынша ықпал жасау.

Сыныптағы әрбір тұлғаның ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, адамгершілік қасиеттерге, еңбекке деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, жан-жақты жарасымды дамуына жағдай жасау.

## *Сынып жетекшісінің ең басты міндетті қызметтері қандай?*

- ❖ *Диагностикалық.*
- ❖ *Коммуникативтік.*
- ❖ *Тәрбиелік.*
- ❖ *Жобалаушылық.*
- ❖ *Ұйымдастырушылық-әрекеттік.*
- ❖ *Дамытушылық.*
- ❖ *Әдістемелік.*
- ❖ *Ынталандырушылық.*
- ❖ *Бағалаушылық.*
- ❖ *Қорғаушылық-қамқоршылық.*
- ❖ *Түзетушілік.*

Сынып жетекшісінің негізгі міндетті қызметтері оның жұмысының бағыттарына анықтауына көмектеседі.

**Сынып жетекшісі жұмысының бағыттары:**

1. Оқушының жеке дамуын бақылау, оның еркін дамып, қабілеттерінің ашылуына тиімді жағдай жасау.
2. Оқушының ынтасын, қабілетін зерттеу, (кәсіби) баңдар беру.
3. Оқушылар арасында қоғамдық құнды қатынастарға жетелейтін әрекеттің барлық түрлерін (жеке дара, топтық, ұжымдық) ұйымдастыру.
4. Оқушылардың бостандықтары мен құқықтарын сақтауға мүмкіндік жасау.
5. Әр оқушыны әлеуметтендіруге мүмкіндік беретін сынып ұжымын тәрбиелейтін орта ретінде қалыптастыру.

Сынып жетекшісінің қызметі. Балалар ұжымының жетекшісі болып тағайындалған педагог тұтас сыныпқа, жеке оқушыға қатысты қызметін көрсетеді. Ол балалардың жас ерекшеліктерін, олардың арасында қалыптасқан өзара қарым-қатынасты еске ала отырып, жеке ерекшеліктеріне сәйкес әрбір оқушыны араластыра отырып, негізгі міндеттерді шешеді. Сынып жетекшілерінің қызметіндегі басты нәрсе — жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ету, оның шығармашылық қабілетін іске асыру, баланың белсенді әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету. Сынып жетекшісі іс-әрекетінің мазмұны оқушылардың белгілі бір тобындағы педагогикалық үрдістің жетекшісі ретіндегі қызметімен анықталады. Р.Х. Шакуров жасаған басқару тұжырымдамасына сәйкес үш деңгейлі функция бөліп көрсетілген.

***Бірінші деңгейге.*** Педагогикалық және әлеуметтік-гумманитарлық функциялары жатқызылады. Бұл функциялар оқушыларды әлеуметтік тұрғыда дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған. Балалардың өзекті тұлғалық мәселелерін шешу, оларды өз беттерінше өмір сүруге даярлау бағытында көмек көрсетуге бағдарланған. Олардың ішінде оқушыларды дамыту, балаларды қоршаған ортаның қолайсыз әсерінен әлеуметтік тұрғыда қорғау, қойылған тәрбиелік міндеттерді орындау үшін барлық педагогтердің күшін біріктіру деп аталатын сынып жетекшісінің іс-әрекетінің негізгі мазмұнын анықтайтын үш түрін бөліп көрсету қажет.

Балаларды тәрбиелеу және әлеуметтік қорғау мақсатына жету үшін сын жүйесі оқушылардың құрбылары мен дұрыс қарым-қатынас жасауына қатысты жеке мәселерді шешіп алуы тиіс (ұжымды құру, оның ұйымшылдығы, белсенділігі, өзін-өзі басқарудың дамуы). Бұл міндеттерді оның ұйымдастырушылық деп аталатын ***екінші деңгейлі*** әлеуметтік-психологиялық қызметі анықтайды.

Сынып жетекшісі қызметінің ***үшінші деңгейін*** – тәрбиелеу іс-әрекетін басқару субъектісінің өзіндік іс-әрекетінің логикасынан шығатын талаптар бейнелейді. Бұл диагностикалық мақсат қою, жоспарлау, бақылау және түзету қызметтері қойылатын басқару қызметі.

Сынып жетекшінің оқушылармен атқаратын жұмыстарының түрлері.

*Оларды әр түрлі негіздемелер бойынша жіктеуге болады;*

-іс-әрекет бойынша-оқу, еңбек, спорт, көркем т.б.

-педагогтың ықпал ету тәсілі бойынша-тікелей және жанама.

-өткізу мерзімі бойынша-қысқа (бірнеше минуттан бірнеше сағатқа дейін), ұзақ мерзімді (бірнеше күннен бірнеше аптаға дейін), дәстүрлі(үнемі қайталанып отыратын);

-дайындау мерзімі бойынша –алдын- ала дайындықсыз оқушылармен өткізілетін жұмыс, даярлық жұмыстары, оқушылардың дайындығы ескерілетін жұмыс түрлері;

-ұйымдастыру субъектері бойынша –балаларды ұйымдастыруға, педагогтер ата-аналар және басқа ересек адамдар қатысады, балалр іс-әрекеті ынтымыақтастық негізінде ұйымдастырылады, бастама және оны жүзеге асыру балалар тарапынан болады;

-нәтиже бойынша-түрлері, нәтижелері ақпараттың алмасу, жалпы шешімді қабылдау, қоғамдық маңызды өнім болу мүмкін;